

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 109 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 сәуірде № 5009 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 543 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 31.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 2-тармағына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес Созақ ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына осы қаулының қосымшасына сәйкес квота белгіленсін.

2. Созақ ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 16 наурыздағы № 94 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4496 тіркелген, 2018 жылғы 11 сәуірінде "Созақ үні" газетінде және 2018 жылғы 13 сәуірінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Созақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Созақ ауданы әкімінің орынбасары Б.Айдарбековке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*С. Полатов*

Созақ ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы 25 сәуірдегі  
№ 109 қаулысына  
қосымша

## **Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының мөлшері**

№	Кәсіпорын, ұйымның, мекеменің атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1	Созақ аудан әкімдігінің білім бөлімінің "Шолаққорған жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	207	3
2	Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Созақ аудандық орталық ауруханасы" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	920	4